

Оқу-жаттығу процесі, спорттық резервті және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау, допингке қарсы қызмет, ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін үлгілік штаттарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 30 мамырдағы № 155 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 4 шілдеде № 15301 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 24.02.2020 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 40) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің м.а. 28.04.2022 № 111 (21.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес оқу-жаттығу процесі, спорттық резервті және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын ұйымдары үшін үлгілік штаттары;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес допингке қарсы қызмет, ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін үлгілік штаттары.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 23.12.2025 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінің "Республикалық құқықтық әділет орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде баспа және электронды түрде жолдауды;

3) ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақпен қарастырылған іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедиұлы

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2017 жылғы 30 мамырдағы
№ 155 бұйрығына 1-қосымша

Оқу-жаттығу процесі, спорттық резервті және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын ұйымдары үшін үлгілік штаттары

Ескерту. Тақырып жана редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 23.12.2025 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.02.2020 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2022 № 111 (21.04.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.09.2024 № 161 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 12.06.2025 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2025 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

р/с №	Лауазымдардың атауы	Бірліктердің саны
Басқарушы персонал		
1.	Басшы	1 бірлік
2.	Басшының орынбасары	2 бірліктен кем емес
2-1.	Филиалдың басшысы	1 бірлік
2-2.	Филиал басшысының орынбасары	1 бірлік

3.	Бас бухгалтер	1 бірлік
3-1.	Мемлекеттік жаттықтырушы	спорттың түріне (-леріне) 1 бірлік
3-2.	Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командасының бас жаттықтырушысы	Спорттың түріне (леріне) 1 бірлік
3-3.	Ұлттық команданың бастығы	Спорттың түріне (леріне) 1 бірлік
4.	Аға жаттықтырушы (немесе аға жаттықтырушы-оқытушы)	олимпиада резервін даярлау орталықтарын (бұдан әрі – ОРДО), олимпиадалық даярлау орталықтарын (бұдан әрі – ОДО), дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығын (бұдан әрі – СДО) қоспағанда, спорт резервін және жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлау жүзеге асырылатын ұйымдарда (бұдан әрі – ұйым) әрбір дамытып жатқан спорт түріне 1 бірлік ОРДО, ОДО дамытып жатқан спорт түрлерінің әрбір жас санаты бойынша (жасөспірімдер, юниорлар және жастар жасындағы) 1 бірлік СДО дамытып жатқан спорт түрлерінің әрбір жас санаты бойынша (жасөспірімдер, юниорлар, жастар және ересектер жасындағы) 1 бірлік
5.	Спорт бөлімінің басшысы	балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін (бұдан әрі – БЖСМ), балалар-жасөспірімдердің дене шынықтыру даярлығы клубтарын (бұдан әрі – БЖДДК) қоспағанда, барлық ұйымдарда 1 бірлік
5-1.	Бөлімінің немесе қызметтің басшысы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді

Негізгі персонал		
6.	Дәрігер	БЖСМ, БЖДДК 1 бірлік
		СДО 6 бірліктен артық емес
		3 бірліктен артық емес (БЖСМ, БЖДДК, СДО қоспағанда, барлық ұйымдар үшін)
7.	Медициналық бике	БЖСМ, БЖДДК 1 бірлік
		дәрігердің 1 бірлігіне медициналық бикенің 1 бірлігі (БЖСМ, БЖДДК қоспағанда, барлық ұйымдар үшін)
8.	Медициналық бике/аға (мамандандырылған) (массаж бойынша)	ОДО, СДО және ОРДО басқа спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 1 бірлік
		ОДО, СДО және ОРДО спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 2 бірліктен артық емес
9.	Диеталық бике	БЖСМ, БЖДДК қоспағанда, барлық ұйымдарда 1 бірлік
10.	Педагог-психолог (немесе психолог)	1 бірлік
11.	Жаттықтырушы (немесе жаттықтырушы-оқытушы)	жаттықтырушы-оқытушы құрамының штаттық бірліктерінің саны спорт түрлері бойынша топтарды жинақтаудан ж ә н е тарификациялық-біліктілік кестеден шыға отырып, белгіленеді
12.	Әдіскер	ОДО, СДО және ОРДО басқа спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 1 бірлік
		ОДО, СДО және ОРДО спорт түрі бойынша әр бөлімшеге 2 бірліктен артық емес
12-1.	Жүргізуші (көлік бар жағдайда)	көліктің әр түріне 1 бірлік
Әкімшілік персонал		

		жеке спорт базасы бар
13.	Бухгалтер	

		ұйымдардан басқа 3 бірліктен артық емес
		жеке спорт базасы бар ұйымдарда 4 бірліктен кем емес
14.	Экономист	4 бірліктен артық емес
15.	Заңгер	ОДО және СДО басқа 1 бірлік
		ОДО және СДО 2 бірліктен артық емес
16.	Аудармашы	ОДО және СДО басқа 1 бірлік
		ОДО және СДО 2 бірліктен артық емес
17.	Бағдарламашы немесе фото және бейне аппаратурасының, көшіргіш-көбейткіш машинаның, байланыс жүйесінің, компьютер құрылғысына қызмет көрсету жөніндегі компьютерлік техника (бағдарлама) операторы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
18.	Инспектор	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
19.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	2 бірліктен артық емес
20.	Мұрағатшы	1 бірлік
21.	Референт (немесе хатшы, немесе іс жүргізуші)	1 бірлік
Өз меншігінде спорттық базасы бар ұйымдарға арналған қосымша штаттық бірліктер		
22.	Әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі басшының орынбасары	1 бірлік
23.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
24.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
25.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
26.	Бас бухгалтердің орынбасары	1 бірлік
27.	Бас инженер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді

28.	Асхана басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
29.	Бассейннің басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
30.	Жылқы шаруашылығының басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
31.	Кітапхана басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
32.	Спорттық ғимараттың басшысы (меңгерушісі)	әрбір жеке тұрған спорттық ғимаратқа 1 бірлік
33.	Кір жуатын бөлме басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
34.	Қойма басшысы (меңгеруші)	1 бірлік
34-1.	Шаруашылық қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшенің (қонақ үй, фитнес-орталығы, мұз айдыны, бюро, гараж, іс жүргізу, сақтау камерасы, кеңсе, қазандық, қойма, шаруашылық) басшысы	1 бірлік
34-2.	Медициналық кешеннің басшысы (меңгерушісі)	1 бірлік
35.	Механик	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
36.	Техник	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
37.	Инженер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
38.	Кітапханашы	1 бірлік
39.	Энергетик	1 бірлік
40.	Әкімші	әрбір жеке тұрған жатақхана, қонақ үй немесе асхана ғимаратына 1 бірлік
41.	Кезекші әкімші	әрбір жеке тұрған жатақхана, қонақ үй немесе асхана ғимаратына 5 бірлікке дейін
42.	Кассир (ұйымдарда халыққа ақылы қызметтерді көрсету кезінде)	күндізгі жұмыс кестесімен бес күндік жұмыс аптасы кезінде жеке орналасқан халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спортық арена, фитнес, жаттығу залы, бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 1 бірлік бір кассирдың жұмыс уақыты еңбек заңнамасының нормаларынан асып кеткен жағдайда жұмыстың ауысым кестесі кезінде, жеке орналасқан халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спортық арена, фитнес, жаттығу залы, бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 2 бірлік
43.	Комендант	әрбір жеке тұрған ғимаратқа 1 бірлік

44.	Күзетші	көрермендерге арналған мінбелері жоқ спорттық ғимаратқа 3 бірлікке дейін
		көрермендерге арналған мінбелері бар спорттық нысанындарда әр кіру/шығу кіреберісіне 4 бірлікке дейін
45.	Дыбыстық техника жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі механик	1 бірлік
46.	Үй-жайларды тазалаушы	Үй-жайларды тазалаушы лауазымының штаттық бірлігі жинайтын 250 шаршы метрінің әр алаңына 0,5 штат бірлігі есебінен, бірақ кемінде 1 бірліктен белгіленеді
46-1.	Аула сыпырушы	Аула сыпырушы лауазымының штаттық бірліктерінің саны сыпырылатын учаске алаңына қарай белгіленеді
Жұмыстың ерекшелігі бар ұйымдарға арналған қосымша штаттық бірліктер		
47.	Ұшу қызметінің басшысы	1 бірлік
48.	Парашют қызметінің аға нұсқаушысы	1 бірлік
49.	Жаттықтырушы-майлаушы	1 бірлік
49-1.	Жаттықтырушы-сервисмен	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
50.	Техник-кеме жүргізуші	1 бірлік
51.	Хореограф	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
52.	Аккомпаниатор	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
53.	Зоотехник	1 бірлік
54.	Қару-жарақ шебері	атудың әрбір түріне 1 бірлік
55.	Ветеринарлық дәрігер	1 бірлік
56.	Қару-жасаушы	1 бірлік
57.	Ұста	1 бірлік
Спортшылардың дайындығы бейініне сәйкес келетін лауазымдардың қосымша штаттық бірліктері:		
ат спорты, саятшы құстармен аңға шығу түрлерін дамытып жатқан ұйымдар үшін		
58.	Жылқышы	1 бірлік
59.	Ат бағушы	1 бірлік
60.	Ветеринарлық зертханашы	1 бірлік
61.	Нұсқаушы	4 бірліктен кем емес
желкен спорты дамытып жатқан ұйымдар үшін		
62.	Матрос-құтқарушы	3 бірлік
63.	Дәнекерші	1 бірлік
64.	Ағаш ұстасы	1 бірлік
65.	Электромонтер	1 бірлік

теңгерімінде бассейні бар ұйымдар үшін		
66.	Оператор-хлорлаушы	1 бірлік
67.	Жүзуден нұсқаушы	4 бірліктен кем емес
68.	Инженер-механик	1 бірлік
есу спорт түрлерін дамытып жатқан ұйымдар үшін		
69.	Спорттық жабдықтау жөніндегі нұсқаушы	1 бірлік
70.	Нұсқаушы-құтқарушы	3 бірлік
авиациялық спорт түрлерін дамытып жатқан ұйымдар үшін		
71.	Инженерлік-авиациялық қызметтің басшысы	1 бірлік
72.	Нұсқаушы-ұшқыш	2 бірлік
73.	Парашюттік-десанттық дайындық нұсқаушысы	2 бірлік
74.	Парашюттік-десанттық дайындық қоймасының меңгерушісі	1 бірлік
75.	Ұшақ және қозғалтқыш жөніндегі техник	2 бірлік
76.	Авиациялық жабдықтау жөніндегі техник	2 бірлік
77.	Радиоэлектрондық жабдықтау жөніндегі техник	1 бірлік
78.	Жанаржағармай жөніндегі техник	1 бірлік
79.	Аэродром техникі	1 бірлік
80.	Аэродром жұмысшысы	2 бірлік
мүгедектігі бар адамдар арасындағы спортты дамытып жатқан ұйымдар үшін		
81.	Сурдоаудармашы	1 бірлік
82.	Механик	1 бірлік
83.	Нұсқаушы-спортшы	әрбір спорт түріне 20 бірліктен артық емес
мұз спорт сарайы, жекпе-жек сарайы, сырғанау мұз айдыны, жеңіл атлетика манежі, велотрек, көпфункционалды спорт кешені, дене шынықтыру-сауықтыру кешені, ипподром, шаңғы-биатлон стадионы бар ұйымдар үшін		
84.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
85.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
86.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
87.	Нұсқаушы	4 бірліктен кем емес

88.	Спорт бойынша нұсқаушы	10 бірліктен кем емес
89.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
90.	Машинист	көліктің әрбір түріне 1 бірлік
91.	Слесарь-сантехник	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
92.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
93.	Электрик	әрбір 500 жарықтандыру және электрлік нүктелерге 1 бірлік
94.	Газэлектрдәнекерлеуші	1 бірлік
95.	Бас әкімші	1 бірлік
96.	Бөлме тазалаушы	250 шаршы метрге 1 бірлік
97.	Алып тасталды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 25.09.2018 № 271 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.	
98.	Ағаш ұстасы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
99.	Менеджер	4 бірліктен кем емес
100.	Кастелянша	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
101.	Шебер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
102.	Ғимаратқа кешенді қызмет көрсету бойынша жұмысшы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
103.	Аспазшы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
104.	Наубайшы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
105.	Ас үй қызметкері	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрінің
2017 жылғы 30 мамырдағы
№ 155 бұйрығына
2-қосымша

Допингке қарсы қызмет, ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдар үшін үлгілік штаттар

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 24.02.2020 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Туризм және спорт министрінің 23.12.2025 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Лауазымдардың атауы	Бірліктердің саны

Допингке қарсы қызмет жүзеге асырылатын ұйымдар		
Басқарушы персонал		
1.	Басшы	1 бірлік
2.	Басшының орынбасары	2 бірліктен артық емес
3.	Бас бухгалтер	1 бірлік
4.	Бөлімнің немесе қызметтің басшысы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
Негізгі персонал		
5.	Жетекші ғылыми қызметкер	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
6.	Аға ғылыми қызметкер	штаттық бірліктердің саны масс-спектрометриялық және иммунологиялық жабдықтардың болуына сәйкес жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді, бұл ретте осы штаттық қызметкерлердің ең аз саны кемінде 6 бірлікті құрайды
7.	Кіші ғылыми қызметкер	штаттық бірліктердің саны масс-спектрометриялық және иммунологиялық жабдықтардың болуына сәйкес жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді, бұл ретте штаттағы қызметкерлердің ең аз саны кемінде 6 бірлікті құрайды
8.	Допинг-бақылау маманы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
9.	Допинг-бақылау инспекторы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
10.	Зертханашы	штаттық бірліктердің саны 10 ғылыми қызметкерге 1 зертханашы бірлігі есебінен белгіленеді, бұл ретте осы штаттық қызметкерлердің ең аз саны 2 бірліктен артық емес
11.	Жүргізуші (көлік бар жағдайда)	көліктің әр түріне 1 бірлік
Әкімшілік персонал		
12.	Бухгалтер	2 бірліктен артық емес
13.	Экономист	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
14.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
15.	Заңгер	1 бірлік
16.	Инспектор	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
17.	Аудармашы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
18.	Бағдарламашы	1 бірлік

19.	Архивист	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
20.	Референт (немесе хатшы, немесе іс жүргізуші)	1 бірлік
Ғылыми-әдістемелік қызмет жүзеге асырылатын ұйымдар		
Басқарушы персонал		
21.	Басшы	1 бірлік
22.	Басшының орынбасары	4 бірліктен артық емес
		5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
23.	Бас бухгалтер	1 бірлік
23-1.	Бас бухгалтердің орынбасары	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
24.	Бөлімінің басшысы	әрбір салалық бөліміне 1 бірліктен
24-1.	Бас инженер	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
Негізгі персонал		
25.	Әдіскер немесе бөлімнің нұсқаушысы	әрбір салалық бөліміне 7 бірліктен артық емес
26.	Дизайнер	1 бірлік
27.	Жүргізуші (көлік бар жағдайда)	көліктің әр түріне 1 бірлік
Әкімшілік персонал		
28.	Бухгалтер	1 бірлік
		5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
29.	Экономист	1 бірлік
30.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
31.	Заңгер	1 бірлік
		4 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
32.	Инспектор	1 бірлік
33.	Аудармашы	1 бірлік
34.	Бағдарламашы	1 бірлік
35.	Архивист	1 бірлік
36.	Референт (немесе хатшы, немесе іс жүргізуші)	1 бірлік
36-1.	Асхана басшысы (меңгеруші)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
36-2.	Бассейннің басшысы (меңгеруші)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
36-3.	Кітапхана басшысы (меңгеруші)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
36-4.	Спорттық ғимараттың басшысы (меңгерушісі)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда

36-5.	Кір жуатын бөлме басшысы (меңгеруші)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
36-6.	Шаруашылық қызмет көрсететін құрылымдық бөлімшенің (қазандық, қойма) басшысы	2 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
36-7.	Медициналық ғимараттың басшысы (меңгерушісі)	1 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
Медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдар		
Басқарушы персонал		
37.	Басшы	1 бірлік
38.	Басшының орынбасары	2 бірліктен кем емес
39.	Бас бухгалтер	1 бірлік
40.	Бөлімнің немесе қызметтің басшысы	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
41.	Бөлімше меңгерушісі -дәрігер	6 бірліктен кем емес
42.	Бас медициналық бике	1 бірлік
43.	Зертхана меңгерушісі	1 бірлік
44.	Әкімшілік-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі	1 бірлік
Негізгі персонал		
45.	Дәрігер	штаттық бірліктердің саны орындалатын жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді
46.	Медициналық бике/аға	штаттық бірліктердің саны орындалатын жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді
47.	Медициналық бике/аға (мамандандырылған) (массаж бойынша)	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
48.	Психолог	1 бірлік
49.	Емдік дене шынықтыру бойынша нұсқаушы	4 бірліктен кем емес
50.	Санитар	штаттық бірліктердің саны орындалатын жұмыс көлеміне байланысты белгіленеді
51.	Зертхана маманы	2 бірліктен кем емес
52.	Фельдшер зертханашы	5 бірліктен кем емес
53.	Медициналық тіркеуші	1 бірлік
54.	Шаруашылық бикесі	1 бірлік
55.	Медициналық жабдық жөніндегі инженер	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
56.	Жүргізуші (көлік болған жағдайда)	көліктің әр түріне 1 бірлік
Әкімшілік персонал		
57.	Бухгалтер	1 бірлік

58.	Бухгалтер-кассир	1 бірлік
59.	Экономист	1 бірлік
60.	Заңгер	2 бірліктен кем емес
61.	Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер	қызметтік қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
62.	Аудармашы	1 бірлік
63.	Инспектор	1 бірлік
64.	Бағдарламашы	2 бірліктен кем емес
65.	Архивист	1 бірлік
66.	Референт (немесе хатшы, немесе іс жүргізуші)	1 бірлік
Допингке қарсы қызмет, ғылыми-әдістемелік, медициналық-биологиялық және фармакологиялық қамтамасыз ету жүзеге асырылатын ұйымдар және спортшыларды медициналық көмекпен қамтамасыз ететін ұйымдарда өз меншігінде ғимараты болған жағдайда қосымша штаттық бірліктер		
67.	Үй-жайларды тазалаушы	үй-жайларды тазалаушы тазалаушы лауазымының штаттық бірлігі жинайтын 250 шаршы метрінің әр алаңына 0,5 штат бірлігі есебінен, бірақ кемінде 1 бірліктен белгіленеді
68.	Күзетші	ғимаратқа 3 бірлікке дейін
69.	Ғимаратқа кешенді қызмет көрсету бойынша жұмысшы	техникалық қажеттілігіне сәйкес белгіленеді
70.	Дизельдік техника жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі механик	3 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
71.	Техник	5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
72.	Кітапханашы	2 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
73.	Энергетик	5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
74.	Әкімші	жеке спорт ғимараты болған жағдайда, әрбір жеке тұрған жатақхана, асхана ғимаратына 1 бірлік
75.	Кезекші әкімші	жеке спорт ғимараты болған жағдайда, әрбір жеке тұрған жатақхана, асхана ғимаратына 5 бірлікке дейін
76.	Кассир (ұйымдарда халыққа ақылы қызметтерді көрсету кезінде)	жеке спорт ғимараты болған жағдайда, жеке орналасқан халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спорттық арена, фитнес, жаттығу залы, бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 1 бірлік жеке спорт ғимараты болған жағдайда, жеке орналасқан

		халыққа қызмет көрсететін әрбір аймаққа (спорттық арена, фитнес, жаттығу залы, бассейн, спорт түрлері бойынша секциялар, қонақ үй, асхана) 2 бірлік
77.	Дыбыстық техника жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі механик	3 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
78.	Механик	5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
79.	Инженер	5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
80.	Нұсқаушы	10 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
81.	Менеджер	15 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда
82.	Шебер	5 бірлік, жеке спорт ғимараты болған жағдайда